

**«Музыка әлеміне саяхат»
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық жұмыскерлерінің арасында қашықтықтан өткізілетін «Музыка әлеміне саяхат» республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: инновациялық үлгілерді анықтау және тарату және ақпараттық-әдістемелік қолдау.

Міндеттері:

1) білім беру процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру;
2) заманауи инновациялық білім беру технологияларын енгізу және тарату;

3) балаларға көркемдік-эстетикалық тәрбие берудегі мейлінше тиімді нысандар мен әдістерді жалпылау;

4) озық педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату;

5) педагогикалық жұмыскерлердің кәсіби педагогикалық шеберліктерін арттыру;

6) педагогикалық тәжірибенің ақпараттық-әдістемелік базасын толықтыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары электронды түрде **2016 жылғы 6 сәуір мен 10 мамыр** аралығында **konkurs.muz@mail.ru** электронды поштасына қабылданады.

2016 жылға 10 мамырдан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2016 жылғы 25 мамырда** **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

6. Байқауға ұсынылған жұмыстар қайтарылмайды. Байқауды ұйымдастырушылар авторға сілтеме жасай отырып, байқау материалдарын БАҚ құралдарына жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды мен пікірлер берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін әр жұмысқа **3000 (үш мың) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Алушы: «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БанкЦентрКредит АҚ

Иик KZ91856000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

КНП – 859.

Төлемақының мақсаты: «Музыка әлеміне саяхат» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету қажет.

8. Байқауға қатысу үшін **konkurs.muz@mail.ru** электронды поштасына келесі құжаттар жіберілуі тиіс:

- 1) қосымшаға сәйкес толтырылған өтінім;
- 2) сканерден өткізген төлемақы құжаты немесе төлем тапсырмасы;
- 3) электронды түрдегі байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

9. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық жұмыскерлері қатысады.

10. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педгогтері арасында **«Музыка сабағының үздік әзірлемесі»**.

Байқауға музыка сабағының әзірлемелері, музыкалық іс-шаралардың сценарийлері ұсынылады. Байқау материалдарына қосымша ретінде фото және видео материалдарды жіберуге болады.

2. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері арасында **«Сабақтан тыс музыкалық-танымдық іс-шараның үздік сценарийі»**.

Байқауға музыка бойынша кез-келген сабақтан тыс іс-шараның сценарийі ұсынылады (сынып сағаттары, музыка кештер, музыка байқаулары, музыка әлеміне сырттай саяхаттар және т.б.). Байқау материалдарына қосымша ретінде фото және видео материалдарды жіберуге болады.

Ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) жұмыстың мәтіні Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Times New Roman - шрифті. Қаріп өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный).

2) жұмыс көлемі – қосымшаларын есепке алмағанда, А-4 пішіміндегі 3 бетке дейін.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) байқау тақырыбына сәйкестігі;
- 2) тұтастығы;
- 3) қисындылығы және аяқталғандығы;
- 4) тақырыпты ашудағы ерекше тәсілі;
- 5) білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкестігі.

11. Байқауда бір қатысушы бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр қатысушыдан әр номинацияға бір жұмыс қабылданады. Әр номинацияға жеке жұмыс ретінде жеке ақша төленеді.

12. Байқау жұмысының титул парағында келесілер көрсетіледі:

- облысы, аудан (қала), ауылы;
- білім беру ұйымының аталуы;
- байқау және номинациясының аталуы;
- автордың аты-жөні;
- e-mail, байланыс құралдары.

13. Бөгде адамдардың материалдарын және Интернет желісінен алынған материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын басқа сайтта жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқауды қорытындылау

14. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

15. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады, орын алмаған қатысушыларға сертификат беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме бойынша <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> жүктеп алу мүмкіндігімен орналастырылады. Анықтама телефоны: +7 (7172) 249 306 («Музыка әлеміне саяхат» байқауы).

Дипломдарды, сертификаттарды жүктеп алудың нұсқасы: www.ziyatker.org → Орталық қызметі → Республикалық іс-шаралар → «Музыка әлеміне саяхат» байқауы → әрі қарай).

Ережеге қосымша

Қашықтықтан өткізілетін республикалық интернет-байқауға
қатысу туралы өтінім

Қатысушының аты-жөні	Облысы, қала, аудан, ауыл, білім беру ұйымының аталуы, лауазымы	Байқаудың, номинациясының аталуы	Байланыс құралдары (байланыс телефоны, электронды поштасы)
1	2	3	4